



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 23/49
10 маусым



www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

Рәміздер күні

«МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР – ЕЛІМІЗДІҢ БЕЙНЕСІ»



Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – еліміздің егемендігін, халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын айқындайтын айшықты белгілер. Бұл мақалада рәміздердің рухани-танымдық қызметінің пайда болуы, қалыптасуы және оның құрылымының тарихи ерекшеліктеріне талдау жасауға арналған. Сондықтан автор қазақ қоғамының мемлекеттік рәміздерді құрметтеу мен білу деңгейі бойынша жүргізілген әлеуметтік сұрақ-жауаптар негінде әлеуметтік бірегейлікті сақтау үшін жастар арасында отансүйгіштік сезімді оятуға бағытталған рәміздердің ғылыми тұрғыда зерделенуі мен ағарту-насихаттау жұмысын жетілдіру қажет деп санайды.

Мемлекеттік рәміздер – еліміздің дербестігі мен тәуелсіздігін күллі әлемге жария етуші, әрі мемлекетіміздің өткені, бүгінгі мен болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын бейнесі, сонымен қатар халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер.

Мемлекеттік рәміздер ұлттық бірегейліктің қалыптасу тірегі және әрбір мемлекеттің дамуының ажырамас бір бөлігі болып табылады.

Маусым айының 4-жұлдызында қазақстан республикасының рәміздері күніне арналған «мемлекеттік рәміздер – еліміздің бейнесі» патриоттық акциясы Приозерск қаласында болып өтті.

Аталған ішараға мемлекеттік мекемелер, қала тұрғындары, белсенді жастармен қатар қала тұрғындары және ақсақалдар да қатысты.

мадақтайтын әнұранымыз, көгілдір түсті туымыз, елтаңбамыз – бүкіл әлемге паш еткізетін тәуелсіз мемлекеттің айшықты негізі.



Қаланың кіреберісінен бастау алған автоVELO шеру қалалық орталық алаңда мәресіне жетіп, ішара рәміздер күніне арналған мерекелік концертпен жалғасты. Алдымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалды. Мерекелік шараны А. Баубеков және И.Рожкова жүргізді.

Шерудің және мерекелік ішараның негізгі мақсаты – қала тұрғындарын Отан сүйгіштікке, адамгершілікке, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеп, құрметтеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу болып табылады. Ішара басталғанға дейін патриоттық әуендер ойнап тұрды. Ішараның ресми бөлімі аяқталғаннан соң мерекелік концертке кезек берілді. Онда әншілер көпшілікке өздерінің жүрекжарды әндерін арнады. Атап айтқанда, Аққыз Құнарбекова «Елге сәлем», «Халқыма», Ринат Қонақбай мен Аманжол Шаймерденов «Елге тілек», «Мәңгілік ел», Таңат Абельдинов «Достығымыз жарасқан», «Бағала» және тағы басқа көпшіліктің рухын жанитын әсем әндірімен тындарман көңілінен шықты. Мерекелік ішарадан кейінгі концерттен жалпы халық рухани демалып қайтты.

Осы күнгі ұйымдастырылған ішара барысында мемлекеттік қызметтер жәрмеңкесі де өткерілді.

Н.ЖАРМАҒАМБЕТ



Қала әкімі Нұрлан Рымбайұлы Ламбеков қала тұрғындарын бүгінгі мерекемен құттықтады және Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер күніне арналған патриоттық акция ашық деп жариялады. 1992-жылдың 4-маусым күні – ел тарихындағы ерекше мәртебелі күн. Қазақстанның мемлекеттік рәміздері – туған жерімізді



VIII ШАҚЫРЫЛҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ V СЕССИЯСЫНДА



Приозерск қалалық мәслихатының VIII шақырылған кезекті 5 сессиясы 2023-жылғы маусым айының 8-жұлдызында болып өтті. Қалалық мәслихаттың кезекті сессиясына қала әкімі Нұрлан Рымбайұлы Ламбеков, Қоғамдық кеңес және аумақтық кеңес төрағалары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі және бөлім басшылары қатысты.



Кезекті сессияның күн тәртібінде төмендегі аталған мәселелер қаралды: бірінші мәселе «2022-жылғы қалалық бюджеттің игерілуі мен орындалуы туралы есебі» бойынша «Приозерск қаласы экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сектор меңгерушісі Батима Амановна Тұрғамбекова баяндады. Осы мәселе бойынша сөз Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Айгүл Есентайқызы Құтжанова сөз сөйледі.

Тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысымен қалалық мәслихаттың бюджет, қаржы, шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясының

отырысында толығымен қарастырылып, талқыланғандықтан, осы мәселе бойынша жасау үшін комиссия төрағасы Ахметов Мансур Талғатович қорытынды жасады.

Келесі мәселе – Приозерск қаласының орталық ауруханасының 2022-жылы атқарған жұмысы туралы сөз «Приозерск қаласының орталық ауруханасы»

коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны директоры Бек Тәңірбергенұлы Жарылғаповқа берілді. Аталған мәселе тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысымен Қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясы отырысында толығымен қарастырылып, талқыланғанына орай осы мәселе бойынша қорытынды жасау үшін сөз комиссия төрағасы Акимова Макпал Шаймерденқызына берілді.

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің мәдениет саласы бойынша 2022- жылғы атқарған

жұмыстары туралы» «Приозерск қаласының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы Шатекова Динагул Амантаевна баяндама жасады. Осы мәселе тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысымен Қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясы отырысында толығымен қарастырылып, талқыланғандықтан, осы мәселе бойынша комиссия мүшесі Бек Тәңірбергенұлы Жарылғапов қорытынды жасады.

Келесі мәселе – «Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің атқарған жұмысы туралы» «Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сектор меңгерушісі Артығалиева Лариса Мирановна баяндады. Аталған мәселе тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысымен Қалалық мәслихаттың құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және аграрлық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясы отырысында толығымен қарастырылып, талқыланған, сонықтан осы мәселе бойынша қорытынды жасау үшін сөз комиссия мүшесі Ержан Нұрланбекұлы Абдурахмановқа берілді.

«Приозерск қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің атқарған жұмысы туралы» сөз «Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Ерлан Бақбергенұлы Жаманбаевқа берілді. Бұл мәселе де тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысымен Қалалық мәслихаттың құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және аграрлық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясы отырысында толығымен қарастырылып, талқыланғандықтан осы мәселе бойынша Нұрлан Шадыбайұлы Умаров қорытынды жасады.

«Приозерск қалалық мәслихатының 2014-жылғы 25-маусымдағы №34/238 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің Приозерск қаласының мұқтаж азаматтардың жекелеген санатта-

рының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» және «Приозерск қаласында жеке оқу жоспары бойынша мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы» сөз «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ сектор меңгерушісі Литош Анжела Юрьевнаға берілді.

Келесі «Приозерск қаласы әкімдігінің дербес құрамын келісу туралы» мәселе бойынша сөз Диана Касеновна Болжуроваға берілді.

Сессия жоғарыда қаралған мәселелер бойынша тиісті шешім қабылдады.

Қалалық мәслихаттың кезекті сессиясының күн тәртібіне келесі мәселелер енгізілді:

1. Приозерск қаласы әкімінің өзіне жүктелген функциялар мен міндетердің орындалуы туралы есебі (Приозерск қаласының әкімі);
 2. Қаланың 2023-2024 жылдарға қысқы жылу беру мерзіміне дайындығы туралы есебі (Приозерск қаласының әкімі орынбасары);
 3. Шағын және орта кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы туралы («Приозерск қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі);
 4. Қарағанды облысы білім басқармасының «Приозерск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі (Қарағанды облысы білім басқармасының «Приозерск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі);
 5. Приозерск қаласында жемқорлыққа қарсы күрес бойынша атқарылған жұмыстары туралы есебі (Әкім аппаратының мемлекеттік-құқықтық бөлімі);
 6. Әртүрлі мәселелер.
- Осымен VIII шақырылған қалалық мәслихаттың кезекті 5 сессиясы өз жұмысын аяқтады.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ
газеттің арнаулы тілшісі.

СУДА ЖҮЗГЕНДЕ САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Құрметті Приозерск қаласының тұрғындары мен қонақтары! Шомылу маусымы кезеңінде қарапайым қауіпсіздік шараларын сақтап, оқыс оқиғалар мен төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында төменде көрсетілген суда жүзу ережелерін қатаң сақтауды сұраймыз!

Суда жүзу кезінде неден бас тарту керек

- Қоршау белгілері қойылған жерлерде жүзуге болмайды;
- Тыйым салынған жерлерде суға түспеңіз;
- Суда жүзіп жүрген балаларды қараусыз қалдырмаңыз;
- Суда жүзу кезінде қолыңызда камера, доп, тактайша болмасын;
- Суда алысып ойнауға жол бермеңіз;
- Суға кету жайында жалған белгі бермеңіз;
- Жүзіп бара жатқан катер, пароход, қайықтарға жақын бармаңыз;
- Суға биік өткелден, дамбыдан, қайық пен катерден секіруге болмайды;
- Өзіңізге таныс емес жерге жүзіп бармаңыз.
- Егер өзіңді нашар сезінсең-шомылма!
- Ақауы бар қайықтарды пайдаланба!
- Үлкен толқын кезінде шомылма!
- Сіңір тартылған кезде қобалжымай, судың бетінде қалуға тырысып көмекке шақыр!
- Жағадан алысқа ұзама, қоршау белгісінен тысқары (әрі) жүзбе!
- Иірімеден сақтан!
- Таныс емес жерден сүңгіме!
- Қоршау белгісінен тысқары жүзбе!
- Тыйым салынған жерлерде шомылма!
- Шомылып жүрген балаларды қараусыз қалдырма!
- Шомылғанда камераларды, доптарды, тактайларды пайдаланба!
- Суда шолжандауға жол берме!
- Жалған дабыл берме!
- Өтіп бара жатқан катерлерге, кемелер мен қайықтарға қарай жүзбе!
- Суға көпірлерден, тоғандардан, айлақтардан, қайықтар мен катерлерден секіріме!

Егер сіз қайықта болсаңыз

- Қараусыз жатқан немесе техникалық ақауы бар қайықты пайдаланбаңыз;
- Қорғаныш заттарсыз суға жүзуге шықпаңыз;
- Жүзу құралдарына техпаспортта көрсетілген мөлшерден артық адам отырғызбаңыз, артық жүк тиемеңіз;
- Мас күйіңізде суда жүзуге бармаңыз;
- Қайықтың бортына, алдыңғы жағына отырмаңыз;
- Қайықта жүзіп бара жатып бір орыннан екінші орынға, сол сияқты бір қайықтан екінші қайыққа ауысуға болмайды;
- Қайықтан суға секірмеңіз;
- Қараңғы түскен мезгілде суда жүзуден бас тартыңыз.

Қобалжу – судағы қайғылы жағдайлардың негізгі себебі. Ешқашан қобалжымаңыз!

Приозерск қаласының әкімдігі

ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Жаздың ыстық, жанға жайлы шуақты күндері көзді ашып-жұмғанша өтіп кетіп, оны сұрғылт күз келіп алмастырады. Оның арғы жағындағы қылышын сүйрете жететін қыс мезгілімен қауышар сәт те таяп тұрады. «Кәрі құда» қатал мінезін танытқанда жағдайдың қалай орбитінін ешкім болмай алмайтыны түсінікті. Оның қаһарына, қыңыр қылығына төтеп беру әрине, жан-жақты дайындықта талап етері хақ. Қалалық әкімдік, тиісті мекемелер мен тұрғын үйлерге қызмет көрсететін мекемелер қыстық қамын жазда ойластыруда ма? Міне, осы мәселелердің мән-жайын тереңірек білу мақсатында «АРАІ2017» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы Болат Қыпшақбаевпен хабарласып, бүгінгі таңда атқарып жатқан жұмыстарымен танысу және қыс науқанына дайындықтары туралы айтып беруін өтінгеміз.

«АРАІ2017» мекемесі қазіргі таңда 27 көп қабатты тұрғын үйлерге сервистік қызмет көрсетеді. Біздің мекеме қазіргі таңда 2023-24-жылдардағы жылу беру, коммуналдық қызмет көрсету маусымына қызу дайындық үстінде. Ағыбай батыр, Абай көшелеріндегі 11, 9, 7, 3 үйлердің жылу, су, кәріз жүйелерін жаңарту жұмыстары жүруде. Сонымен қатар электр жарықпен қамтамасыз ететін инженерлік жүйелерін және электро шиттерін тексеру, жаңарту жұмыстары тиянақты орындалуда. Алдағы қыркүйек айының соңына дей-

ін 27 көп қабатты тұрғын үйлердің инженерлік жүйелеріне жөндеу жұмыстарын аяқтаймыз деген үміттеміз. Жыл он екі ай тұрғын үйлердің кіре берістері мен ауласын таза ұстау мақсатында әр аптаның бейсенбісі күні таза бейсенбілік шарасы атқарылуда. Тұрғындардың арыз-шағымдарын тез арада қабылдап, тиісті органдарға тұрғындар атынан хат жолдап, оң шешімін тауып жатқан жағдайымыз бар. Тұрғын үйдің инженерлік жүйелеріне қатысты электро, кәріз, суық су және жылу жүйелеріне қажетті саймандар алынды.

Иә, «жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, қыстың қамына қазірден дайындалып, ұжымның ұйымшылдықпен жасап жатқан жұмысы мен тиянақтылықпен жүргізіп жатқан тірлігіне қарағанда, «АРАІ2017» ЖШС-і алдағы қыста тұрғындарды қиналдырмайтын, өздерін де ұятқа қалдырмайтын секілді. Бірлікті істің берекесін берсін!, - деген тілекті арнайымыз бұл мекеме ұжымына. Қыс – салғырттық пен қателікті кешірмейтін қатал сыншы. Халқымыз «Қыстың көзі қырауда» дейді. Қалай болғанда да, кім-кім де алдағы қытымыр кезеңге сақадай-сай болғаны абзалырақ.

Нұрғали
ҚАРАБЕКТЕГІ

БУДЬТЕ ОСТОРОЖНЫ НА ВОДЕ!



Уважаемые жители и гости города Приозерск! В период купального сезона в целях предотвращения несчастных случаев и чрезвычайных ситуаций, просим вас строго соблюдать следующие правила поведения при купании на воде!

Чего не стоит делать на воде при купании

- Не заплывайте за знаки ограждения
- Не купайтесь в запрещенных местах
- Не оставляйте купающихся детей без присмотра
- Не пользуйтесь при купании камерами, мячами, досками
- Не допускайте шалостей на воде
- Не подавайте ложных сигналов
- Не подплывайте к проходящим мимо катерам, парходам и лодкам
- Не прыгайте в воду с мостиков, дамб, причалов, лодок и катеров
- Не ныряйте в незнакомом месте
- Не используйте неисправные плавательные средства!
- Будьте осторожны в незнакомом месте, обследуйте сначала дно!
- Берегись водоворотов!
- Не купайтесь при большой волне!
- Не теряйтесь при судорогах, старайтесь удержаться на поверхности и зови на помощь!
- Не удаляйтесь далеко от берега!
- Не заплывайте за ограждения!
- Не купайтесь в запрещенных и незнакомых местах!
- Не оставляйте купающихся детей без присмотра
- Не пользуйтесь при купании камерами, мячами, досками!
- Не допускайте шалости на воде!
- Не подавайте ложных сигналов!
- Не подплывайте к проходящим катерам, парходам и лодкам!
- Не прыгайте в воду с мостиков, дамб, причалов, лодок и катеров!

Если вы в лодке

- Не используйте бесхозные и технически неисправные лодки
- Не выходите в плавание без спасательных и водоотливных средств
- Не перегружайте плавсредства пассажирами и грузом сверх веса, указанного в техпаспорте
- Не катайтесь в нетрезвом состоянии
- Не садитесь на борт и носовой отсек лодки с одного места на другое, а также с одной лодки в другую на плаву
- Не ныряйте с лодок
- Не пользуйтесь плавсредствами с наступлением темноты

Паника – основная причина трагедий на воде. Никогда не поддавайтесь панике!

Акимат города Приозерск

УВЕДОМЛЕНИЕ о ликвидации учреждения

На основании постановления аппарата акима города Приозерск за №21/104 от 01.06.2023 года «О ликвидации центра занятости населения акимата города Приозерск», уведомляем о ликвидации КГУ «Центр занятости населения акимата города Приозерск» с 01.07.2023 года.

Мекемені тарату туралы ХАБАРЛАМА

Приозерск қаласы әкім аппаратының «Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығын тарату туралы» 2023 жылғы 01 маусымдағы № 21/104 қаулысына сәйкес, 2023 жылдың 01 шілдесінен бастап «Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ таратылатындығын хабарлаймыз.

Мұрагерлік іс

27 наурыз 2023 жылы Тулегенов Дүйсенбай Нурғалиевич қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишикентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, А.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен жайына хабарласуына болады. тел 8-705-832-83-06

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫНА ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі - Сайлау туралы Конституциялық заң) 10-бабына сәйкес Қарағанды облысының Приозерск қалалық мәслихаты учаскелік сайлау комиссияларында бос орын қалыптасқаны туралы хабарлайды. Қалалық сайлау комиссиялары жеті мүшеден тұратын құрамда құрылады. Учаскелік сайлау комиссияларының сандық құрамын учаскелердегі сайлаушылардың санына қарай қаланың аумақтық сайлау комиссиясы айқындайды. Сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі бес жылды құрайды. Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшелері болып табылмайтын кандидатураларды ұсынуға құқылы. Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихаттар сайлау комиссиясын өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайлайды. Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және қалыптастырылушы комиссияларға қатысты жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2023 жылғы 10 маусымнан бастап 19 маусымды қоса алғанда мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) белгіленген нысан бойынша сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы электрондық және қағаз форматтағы мәліметтер;
- 2) тиісті сайлау комиссияларының құрамына кандидаттарды ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) шешімі, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімінен үзінді көшірме;
- 3) саяси партияны, қоғамдық бірлестікті немесе олардың филиалдарын (өкілдіктерін) тіркеу туралы құжаттың көшірмесі;
- 4) кандидаттардың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісім беру туралы белгіленген нысан бойынша өтініштері.

Сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы мәліметтердің нысандары, сайлау комиссияларының жұмысына қатысуға келісімі туралы кандидаттардың өтініштері мәслихат сайтында орналастырылған. Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын адам Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сайлау комиссиясының мүшесі осы комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруға тиіс. Сайлау туралы Конституциялық заңның 23-бабының 3-тармағында көзделген сайлау учаскелерін құру жағдайларын қоспағанда, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі сол ұйымның қызметкерлері болмауға тиіс. Сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апасы-інілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды. Мәслихатқа қағаз форматта ұсынылатын барлық құжаттарға қол қойылуы, мөр басуы және орындалған күні, орындалушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгілі қамтуы тиіс. Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2023 жылғы 10 маусымнан бастап 19 маусымды қоса алғанда дүйсенбі - жұма күндері 09:00-18:30 сағат аралығында жүргізіледі, үзіліс сағат 13:00-ден 14:30-ге дейін.

Приозерск қалалық мәслихаты

Исатаев Алтай Нәсіпбекұлы - қалалық мәслихаттың төрағасы. Мәслихаттың орналасқан жері: Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5 үй. Жауапты адам - Шұға Бексейтқызы Мақышева - қалалық мәслихат аппаратының басшысы, Меруерт Ерланқызы Есімбек - қалалық мәслихат аппаратының бюджет мәселесі бойынша бөлім басшысы, қалааралық телефон коды (8 71039), жұмыс тел. 5-44-21, 5-33-16, 2 қабат.

Қалалық мәслихат қалалық сайлау комиссиясының мүшелерін сайлайды:

№ р/б	Сайлау округі мен учаскесінің нөмірі	Сайлау комиссиясының орналасқан жері	Сайлау комиссиясы мүшелерінің саны
1	2	3	4
Учаскелік сайлау комиссиялары – 4			
1.	№ 258	Приозерск қ, Достық көшесі, 23 үй, «Приозерск қаласының мемлекеттік архиві» КММ ғимараты	1
2	№801	Приозерск қ, Кисунько көшесі, 7А үй, Приозерск қаласының «Балбөбек» бөбекжайы КГКП ғимараты ғимараты	1
3	№802	Приозерск қ, Космонавтов көшесі, 2 үй, «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК ғимараты	1
4	№803	Приозерск қ, Кисунько көшесі, 11А үй, «№1 жалпы білім беру орта мектебі» КММ ғимараты	1

Приозерск қалалық мәслихаты

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арко» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №23/49, Таралымы:500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі +7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

СООБЩЕНИЕ

ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ ОБ ИЗМЕНЕНИИ СОСТАВА УЧАСТКОВЫХ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ КОМИССИИ

В соответствии со статьей 10 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» (далее – Конституционный закон о выборах) маслихат города Приозерск Карагандинской области сообщает о вакантном месте в участковых избирательных комиссиях. Городская избирательная комиссия образуются в составе семи членов. Количественный состав участковых избирательных комиссий определен территориальной избирательной комиссией города в зависимости от количества избирателей на участках. Срок полномочий избирательных комиссий составляет пять лет. Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии. Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуры, не являющиеся членами данной политической партии. В случае отсутствия предложений политических партий маслихат избирают избирательную комиссию по предложению иных общественных объединений и вышестоящих избирательных комиссий. Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящие, по отношению к формируемому, избирательные комиссии с 10 июня по 19 июня 2023 года представляют в маслихат следующие документы:

- 1) сведения о кандидатурах в состав избирательных комиссий по установленной форме в электронном и бумажном формате;
- 2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующих избирательных комиссий;
- 3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);
- 4) заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Формы сведений о кандидатурах в состав избирательных комиссий, заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательных комиссий размещены на сайте маслихата. Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного закона о выборах. Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии. Более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации, за исключением случаев создания избирательных участков, предусмотренных пунктом 3 статьи 23 Конституционного закона о выборах. В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, внуки) или супруг (супруга). Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью, и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона. Прием предложений по составу избирательных комиссий осуществляется с 10 июня по 19 июня 2023 года с понедельника по пятницу с 09:00 до 18:30 часов, перерыв с 13:00 до 14:30 часов.

Приозерский городской маслихат

Исатаев Алтай Насипбекович – председатель городского маслихата. Местонахождение маслихата: город Приозерск, ул. Балхаш, дом 5. Ответственное лицо – Макшешва Шуга Бексейтовна - руководитель аппарата городского маслихата, Есімбек Меруерт Ерланқызы - руководитель отдела по вопросам бюджета аппарата городского маслихата, междугородний телефонный код (8 71039), сл. тел. 5-44-21, 5-33-16, 2 этаж.

Городской маслихат избирает членов городской избирательной комиссии:

№ п/п	Номер избирательного округа и участка	Местонахождение избирательной комиссии	Количество членов избирательной комиссии
1	2	3	4
Учаскелік сайлау комиссиялары – 4			
1.	№ 258	г.Приозерск, улица Достык, дом 23, здание КГУ «Государственный архив города Приозерск»	1
2	№801	г.Приозерск, улица Кисунько, дом 7А, здание КГКП ясли сад «Балбөбек» города Приозерск	1
3	№802	г.Приозерск, улица Космонавтов, дом 2, здание КГКП Центр детского юношеского творчества «Достық» города Приозерск	1
4	№803	г.Приозерск, улица Кисунько, дом 1А, здание КГУ «Средняя школа №1 города Приозерск»	1

Приозерский городской маслихат

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.